

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «LauRus2019» «LauRus» бөбекжайында
өткізілген №1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Күні: «28» тамыз 2025ж

Өтілген орны: «LauRus» бөбекжайы

Төрайым: Бижанова Г.Н.

Хатшы: Тулекова М.А

Қатысушылар: «LauRus» бөбекжай педагогтары, медбике

Тақырыбы: «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы»

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылындағы іс-шараларды талдау нәтижелері
2. Бөбекжай ұжымын 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, бекіту.
3. Оқыту тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
5. Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңесте «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы» кеңінен талқыланды. Кеңесте 2024-2025 оқу жылындағы іс-шаралардың анализі жүргізіліп, жіберілген кемшіліктер мен сәтті шыққан шаралар атап өтілді. Сондай-ақ алдыңғы оқу жылына әдістемелік нұсқау хатқа сүйене отырып шаралар тізімі бекітілді.

Бөбекжай ұжымына 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүктемесі, перспективалық жоспарлар және балалардың күн тәртібі таныстырылды. Балалардың дамуына арналған арнайы бағдарламалар: Бөбекжайдағы әр жастағы балалар үшін жеке даму жоспарларын әзірлеу маңызды. Тәрбиешілер балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып, дифференциалды білім беру әдістерін қолдануға міндетті. Жаңа оқу жылындағы жаңалықтар мен ерекшеліктерге аса назар аударылды және барлығы бір ауыздан талданып, қолдау білдіріп, бекітілді.

Ерекше назарды оқыту мен тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарламалар мен педагогикалық технологияларға аудардық. Қазіргі уақытта оқыту мен дамыту бағдарламалары жаңартылып отыратыны және заман ағымынан қалыс қалуға болмайтынын тілге тиек етті. Техникалық құралдарды пайдалану: Заманауи технологияларды білім беру процесіне енгізу арқылы балалардың оқу мен ойын әрекетін қызықты және тиімді етеді. Бұл үшін компьютерлер және білім беру қосымшаларын жиі қолданған жөн.

Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітіліп, болашақта кездесетін әртүрлі мәселелер талқыланды. Педагогикалық командада ынтымақтастықты нығайту мақсатында тренинг ұйымдастырылды. Ұжым ішінде тәжірибе алмасу, әдістемелік көмек көрсету және бірлескен жобаларды жүзеге асыру жүйелі кездесулер өткізу жоспарланды. Кәсіби біліктілікті арттыру. Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін үнемі арттыру, семинарлар мен курстарға қатысуы, кәсіби қауымдастықтармен байланыс орнату арқылы білімдерін жаңарту.

Кеңестің қорытындысы бойынша, барлық тәрбиешілер мен қызметкерлер жыл бойы атқарылған жұмыстардың сапасын арттыруға белсенді болуға шақырылды.

Кеңес нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға арналған ұсыныстар мен шаралар белгіленді.

Шешімдер мен ұсыныстар:

1. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары, оқу жоспары, перспективтік жоспар, балалардың күн тәртібі бекітілсін.
2. Тәрбиешілер жаңа білім беру стандарттарына сәйкес бағдарламаларды жетілдіріп, өз жұмыстарында заманауи технологияларды үнемі қолдансын.
3. Оқыту тәрбиелеу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қолға алынсын.
4. Балапан тобында: 1. Зимуханова Гулмейрам Ниязбековна, 2. Сапиоллина Альбина Ғабиденқызы;
Айгөлек тобында: 1. Сағынғали Әсел Ермекқызы;
Қарлығаш тобында: 1. Айшуакова Райса Адиловна; 2. Исмагулова Динара Танатовна жауапты тәрбиешілер болып бекітілсін.

Төрайым: Бижанова Г.Н.

Хатшы: Тулекова М.А

